



**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 7 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2014 жылғы 13 ақпан**

*Айырбастау пункттері
арқылы жүргізілетін операциялар
бойынша шетел валютасын теңгеге
сатып алу бағамының сату бағамынан
белгіленген ауытқу шектерін бұзу
жөніндегі ҚР Ұлттық Банкінің
шаралары мен санкциялары туралы*

Уәкілетті банктердің және уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері жүргізетін, қолма-қол шетел валютасымен операциялар бойынша алыпсатарлықты болдырмау мақсатында ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының «Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша АҚШ долларын және еуроны теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілеу туралы» 2014 жылғы 11 ақпандағы № 18 қаулысы (бұдан әрі – Қаулы) қабылданды.

ҚР Ұлттық Банкі Қаулыны жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер шеңберінде сақтауда. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы ҚР Заңы 62-бабының 3-тармағына сәйкес жоспардан тыс тексеруге мына жағдайлар негіз болып табылады:

1) жеке және заңды тұлғалардың өтініштері және мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген сұрау салулары келіп түсуіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар және қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтар туралы өзге де ақпараттың келіп түсуі;

2) ҚР Ұлттық Банкінің және (немесе) оның ведомствосының бақылау мен қадағалау функцияларын орындау шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының бұзылғанын және қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғанын анықтауы;

3) Қазақстан Республикасының ұлттық және экономикалық қауіпсіздігіне, оның қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төнуі;

4) алдыңғы тексеру анықтаған Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтардың жойылуын бақылау.

Қаулыны сақтамау фактілері анықталған кезде ҚР Ұлттық Банкі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексі 188-бабының 3-бөлігі бойынша белгіленген тәртіппен әкімшілік жауапкершілікке тарту жөнінде шаралар қабылдайды.

Сонымен қатар, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы және «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы ҚР Заңдарына сәйкес ҚР Ұлттық Банкі лицензиаттардың Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасын бұзушылықтарын анықтаған кезде барлық немесе жекелеген банк операцияларын жүргізуге лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға не лицензиядан айыруға құқылы.